



«Бекітемін»

Мектеп директоры:

С. Шокаманов

**«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектебінде
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» мақсатында
жүргізілетін жұмыстарының жылдық жоспары**

2022-2023 оқу жылы

Қ/с	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
1	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында жүргізілетін жұмыстардың жоспарын жасап, бекіту	тамыз	Т. Үсенов
2	«Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру» бойынша мектепте жауапты мамандарды бекіту, іске асыру	қыркүйек	С. Шокаманов
3	Мектепшілік «Адал ұрпақ» ерікті жасақшылар тобын құру іс-шара жоспарын түзу. Ерікті мектеп клубтарына қатысу, іс-шара бойынша жұмыс атқару	қыркүйек жыл бойы	Г. Тайман Г. Ниязбекова
4	Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі №267 Заңымен, жалпы ережелермен мектеп мұғалімдерін таныстыру, талқылау	қыркүйек	С. Шокаманов Ж. Омарбеков
5	«Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті» Баяндама.	қыркүйек	А. Қанымбаева
6	Жемқорлыққа қарсы комиссия құрамын сайлау (жиналыс)	қыркүйек	Т. Үсенов
7	«Сенім жәшігін» орналастыру, бұйрық шығару, комиссия мүшесін құру, құрылған топ бойынша жұмыс жүргізу.	қыркүйек үнемі	Т. Үсенов А. Жаңылбекова Г. Тайман
8	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптері» баяндама	қазан	Т. Әділбеков
9	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларын, қызметтік әдеп ережелері, мемлекеттік қызметтер бойынша видеороликтер көрсету	қазан	Сынып жетекшілері

10	«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» Заңның қолданылу аясы. Заң қызметкерлерімен кездесу	қараша	Тарих, құқық пәні мұғалімі А. Қанымбаева С. Төлемісов
11	«Жемқорлыққа жол жоқ!» сурет байқауы 7-8 сыныптар	желтоқсан	Ғ. Нәлібеков
12	Ата-аналарды сынып жиналыстарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-шараларымен таныстыру, ақпараттандыру	қаңтар	Сынып жетекшілері
13	Мектепте әлеуметтік көмекке мұқтаж, жетім, және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен атқарылатын жұмыстар бойынша есеп беру.	қаңтар	Әлеуметтік педагог Н. Ниязбеков
14	Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылық субъектілері (жиналыс)	ақпан	Учаск. пол. қызм Д. Әшімбеков Кәсіподақ төр. К. Аяпов
15	«Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға әсері» шығарма байқауы 10 - сынып	наурыз	А. Юсупова
16	«Жемқорлық індет, оны жою бәрімізге міндет» тәрбие сағаты 9-сынып	наурыз	Н. Үсенова
17	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүзеге асырушы органдар. (дөңгелек үстел)	сәуір	Т. Әділбеков
18	«Жастар – сыбайлас жемқорлыққа қарсы» флеш-моб	сәуір	Г. Тайман Г. Ниязбекова
19	«Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жұмыс жүргізудегі құқықтарының қозғалуы» ата-аналар жиналысында баяндама	мамыр	Әлеуметтік педагог Н. Ниязбеков
20	Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларымен таныстыру 9-11 сыныптар	мамыр	А. Қанымбаева

ДТІЖО: Т. Үсеінов

**«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектебінде
2022-2023 оқу жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес»
мақсатында атқарылған жұмыстарының есебі**

«Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру» бойынша ұсынылған жоспарға сәйкес жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тәрбие мәселелерін еңгізе отырып, мектепте сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған жұмыс жоспары бекітілді.

Қыркүйек айында жоспарға сай ұйымдастырушы-педагог Г. Тайман мен тәлімгер Г. Ниязбекова қыркүйек айында мектепшілік «Адал ұрпақ» ерікті жасақшылар тобын құрып, іс-шара жоспарын түзді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру жөнінде жауапты маман болып, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т. Үсенов бекітілді. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары жасалып, жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылды. Мектептің кіре беріс бөліміне «Сенім жәшігі» орнатылып, мектеп директорының бұйрығымен оған жауапты маман болып мектеп психологы А. Жаңылбекова бекітілді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» мақсатында жүргізілетін жұмыстардың жоспарына сай оқу ісі меңгерушісі Ж. Омарбеков қыркүйек айында Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі №267 Заңымен, жалпы ережелермен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңымен мектеп мұғалімдерін таныстырып, талқылау жұмыстарын жүргізді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларын, қызметтік әдеп ережелері, мемлекеттік қызметтер бойынша ұстаздар арасында видеороликтер көрсетілді. Сонымен бірге, оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында әңгімелер, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет: білім және тәрбие» тақырыбында слайдтар мен бейнероликтер көрсетілді. Тарих және құқық пәні мұғалимасы А. Қанымбаева жоспар бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – қоғам үшін маңызды іс» тақырыбында баяндама жасады. Қазан айында тарих пәні мұғалімі Т. Әділбеков «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптері» тақырыбында баяндама оқып, заң аясында түсіндірме жүргізді. Қараша айында тарих және құқық пәні мұғалимасы А. Қанымбаева «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» айдарымен учаскелік инспектор Д. Әшімбековпен кездесу өткізді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т. Үсенов өтілген жалпы ата-аналар жиналысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-шараларымен таныстыру, заңның қолданылу аясы туралы ақпараттандыру, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мектеп

кәсіподақ ұйымы төрағасы К. Аяпов желтоқсан айында «Жемқорлыққа жол жоқ!» 7-8 сыныптар сурет байқауы өткізілді.

Қаңтар айында учаскелік полиция қызметкері Д. Әшімбековтің қатысуымен, мектеп мұғалімдері мен кіші қызметкерлерге заң аясында мағлұматтар берілді. Сынып жетекшілері тарапынан ата-аналарды сынып жиналыстарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-шараларымен таныстыру, ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. Мектепте ата-аналар жиналысында әлеуметтік көмекке мұқтаж, жетім, және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен атқарылған жұмыстар бойынша есеп берілді.

Ақпан айында Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылық субъектілері жиналыс, наурыз айында «Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға әсері» 10 - сыныпта шығарма байқауы, «Жемқорлық індет, оны жою бәрімізге міндет» 9-сыныпта тәрбие сағаты өтілсе, сәуір айында тарих және құқық пәні мұғалимасы А. Қанымбаева «Сыбайлас жеморлыққа қарсы күресті жүзеге асырушы органдар» тақырыбында дөңгелек үстел, «Жастар – сыбайлас жемқорлыққа қарсы» флеш-моб өтілді.

Мамыр айында «Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жұмыс жүргізудегі құқықтарының қозғалуы» тақырыбында Әлеуметтік педагог Н. Ниязбеков ата-аналар жиналысында баяндама оқыса, тарих және құқық пәні мұғалимасы А. Қанымбаева 9-11 сыныптар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларымен таныстыру жұмыстарын жүргізді. Жоспарға сәйкес өткізілген іс-шаралар қорытындыланып, атқарылған жұмыстар талқыланды.

Дайындаған: ДТІЖО Үсенов Т.